

Мәслихаттың 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 400 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы № 113 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 сәуірде № 4088 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 145 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы мәслихатының 27.08.2013 № 145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 400 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-18-144 тіркелген, 2011 жылғы 13 қазанда "Шамшырақ" аудандық газетінде жарияланған ) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 4), 5), 6), 7), 9), 10), 11) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"4) өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанда жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар отбасылардың тұлғаларына, қайтыс болған туыстарын жерлеуге, егер қайтыс болған күні "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган) жұмыссыз ретінде тіркелген болса, бір жолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысындағы Женіс күніне орай, бір жолғы, 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына , 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға Ұлы Отан соғысында Жеңіс күніне орай, бір жолғы, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шығарылған, туберкулездің жүқпалы түрімен ауыратын тұлғаларға, табыстарын есепке алмай, қосымша тамақтануға, бір жолғы, 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктерге, ай сайын, 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

10) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, сондай-ақ соғысқа қатысушыларға жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, тұрмыстық қажеттіліктерге, ай сайын, 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

11) барлық санаттағы мүгедектерге, табыстарын есепке алмай, шипажай немесе оналту орталықтарына жол жүрумен байланысты шығындар өтеу үшін, нақты шығындары бойынша.";

осы шешімнің қосымшасындағы:

1-тармақтың 3) тармақшасы алынып тасталсын;

2-тармақтың 6) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдардың басқа да санаттарына , 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға Ұлы Отан соғысында Жеңіс күніне орай:

егер аталған азамат уәкілетті органда есепте тұрмаған жағдайда, алушының әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат;".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жиырма бірінші кезектен

тыс сессиясының төраймы

О. Таракова

Аудандық

мәслихаттың хатшысы

С. Жолдыбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Л. Утешева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК